

**«Үздік студент»
атағына үміткерді айқындау Ережесі**

1. Үздік студент оның қызметінің сараптамалық әдістері негізінде нәтижелерін бағалаумен анықталады.

1.1. Байқауға ғылыми, мәдени-бұқаралық, спорттық және қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысатын, ағымдағы оқу жылында үлгерімі жоғары, жазасы жоқ 2-4 курс студенттері қатыса алады.

1.2. «Үздік студент» атағын алуға үміткерлерді критерийлер бойынша іріктеуді факультеттік конкурстық комиссиялар жүргізеді.

1.3. Факультеттік конкурстық комиссиялар алқалы түрде қабылданған шешімдер негізінде хаттама ресімдейді, онда конкурсқа қатысу үшін 3 студент ұсынылады және оны конкурстардың қорытындыларын шығару жөніндегі университеттік комиссияға қағаз түрінде береді.

2. Студент қызметінің нәтижелерін сараптамалық бағалауды 1 кестенің көрсеткіштері бойынша конкурстардың қорытындыларын шығару жөніндегі университеттік Комиссия жүргізеді.

1 кесте

Бағалау критерийлерінің сипаттамасы

	GPA	Ұпай (ең көбі 30 ұпай)
1. Үлгерімі	3,67-3,71	1
	3,72	2
	3,73	3
	3,74	4
	3,75	5
	3,76	6
	3,77	7
	3,78	8
	3,79	9
	3,80	10
	3,81	11
	3,82	12
	3,83	13
	3,84	14
	3,85	15
	3,86	16
	3,87	17
	3,88	18
	3,89	19
	3,90	20
	3,91	21
	3,92	22

	3,93	23
	3,94	24
	3,95	25
	3,96	26
	3,97	27
	3,98	28
	3,99	29
	4,00	30
2. Ғылыми-зерттеу қызметі	Конференцияларға, олимпиадаларға, ғылыми конкурстарға қатысуы (мақалалардың, патенттердің, БАЖ-дың болуы)	Ұпай (ең көбі 30 ұпай)
	халықаралық деңгейдегі	5 (бір дана үшін)
	республикалық деңгейдегі	3 (бір дана үшін)
	өңірлік, жоғары оқу орны деңгейіндегі	1 (бір дана үшін)
3. Қоғамдық, спорттық, шығармашылық қызмет	Қоғамдық-саяси іс-шараларға, шығармашылық конкурстар мен спорттық жарыстарға қатысу (грамоталардың, дипломдардың сертификаттар, болуы)	Ұпай (ең көбі 30 ұпай)
	халықаралық деңгейдегі	5 (бір дана үшін)
	республикалық деңгейдегі	3 (бір дана үшін)
	өңірлік, жоғары оқу орны деңгейіндегі	1 (бір дана үшін)
4. Ерекше еңбегі	Ерекше еңбектің болуы	Ең көбі 10 ұпай

2.1. Конкурстардың қорытындыларын шығару жөніндегі университеттік комиссия сараптамалық бағалардың сауалнама парағын мынадай нысан бойынша толтырады:

2 кесте

Сараптамалық бағалау парағы

Студент, топ, факультет	Көрсеткіштің атауы				Ұпай сомасы	Алған орны
	1	2	3	4		
<i>1</i>	<i>2</i>	<i>3</i>	<i>4</i>	<i>5</i>	<i>6</i>	<i>7</i>

Сарапшылардың бағалауы бойынша студенттің алатын орны (7 – баған) кему тәртібімен анықталады (1 орын – ең жоғарғы ұпай саны; соңғы орын – ең төменгі ұпай саны).

3. Комиссияның әрбір мүшесі (сарапшы) қол қойған және ұсынған 2 кестенің (6-баған) қорытынды деректері негізінде Конкурс қорытындыларын шығару жөніндегі университеттік комиссия конкурс жеңімпазын анықтайды.

ЖСД директоры

Р. Бузяков

